



Қылмыстық құқық. Қылмыстық процесс. Криминалистика. Криминология / Criminal law. Criminal process. Criminalistics. Criminology / Уголовное право. Уголовный процесс. Криминалистика. Криминология

FTMAP10.81.55

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-153-4-160-175>

Ғылыми мақала

Балаға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін ата-ана құқықтарынан айырумен байланысты істерді қараудың процессуалдық ерекшеліктері

Маликова Ш.Б.¹, Ахатов У.А.², Избасова А.Б.*²

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(e-mail: sholpan.malikova@narхоз.kz, ualikhan.akhatov@kaznu.edu.kz, a_izbasova@mail.ru)

Аңдатпа: Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбы қазіргі уақыттағы ең маңызды әрі күрделі мәселе. Елімізде өмірдің қиын жағдайларына тап болған отбасындағы балалардың зардап шегуі соңғы кезеңдері жиілеп кетті. Ең сорақысы, ата-анасының өз баласына зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетуі, баланы агрессияға тарту, жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсетуі үлкен проблемаға айналып отыр.

Баланың ата-ана тарапынан қандай да болсын зорлық-зомбылыққа ұшырауы оның моральдық, физикалық және эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Отбасында балаға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін заңмен бірқатар жауапкершілік шарасы көзделген.

Ата-ана құқығынан айыру – баланың құқықтарын өзге жолмен қорғау мүмкін болмаған жағдайларда қолданылатын отбасылық-құқықтық жауапкершіліктің соңғы шекті шарасы болып табылады.

Мақалада балаға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін ата-ана құқығынан айырумен байланысты істерді қараудың процессуалдық ерекшеліктері талданады. Азаматтық процестік заңнамаға сәйкес талап қою ісін жүргізуде міндетті түрде талап қою құқығының алғышарттары, атап айтсақ, талап арызбен жүгінген жеке және заңды тұлғалардың азаматтық процестік құқық қабілеттілігі, азаматтық істердің соттарға ведомстволығы қарастырылады.

Сондай-ақ, ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер бойынша сотқа жүгінуде талап арызды және оған қоса берілетін құжаттарды рәсімдеу тәртібі, ата-ана құқықтарынан айыруға негіз болатын (адамның созылмалы маскүнемдікпен (нашақорлықпен) зардап шегетінін растайтын) дәлелдемелерді ұсынудың маңыздылығы талданады. Ұсынылған материалдар мен дәлелдемелерді бағалау кезінде соттар, баланың пікірі мен ата-ананың құқықтарының сақталуын ескере отырып, олардың мүдделеріне сүйенуге тиіс.

Түйін сөздер: отбасы, ата-ана, ата-ананың құқықтары мен міндеттері, бала, бала құқықтары, балаға қатыгездік көрсету, зорлық-зомбылық, ата-ана құқығынан айыру, талап арыз, талап қою нысаны, істі қозғау, дәлелдеу.

Түсті: 22.10.2025 Мақұлданды: 22.12.2025 Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Отбасы – мемлекет пен қоғамның негізгі іргетасы және ол кез-келген мемлекеттің демографиялық саясаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал етеді. Адамның тұлға болып дамуында терең тәлім-тәрбие мен мінез-құлқын қалыптастыратын «қара шаңырақ», мәдениет, дәстүр, жалпы, тұтастай, отбасылық құндылықтар сақталған қоғам қашан да тұрақты әрі дұрыс бағытта дамитыны белгілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабының 1-бабына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті [1] Мемлекет отбасындағы қарым-қатынасты барлық тәсілмен реттеуге тырысады және заңнамалық деңгейде барлық қатысушыларға құқықтар мен міндеттер жүктейді, бұл ретте ерлі-зайыптылармен – ата-аналармен бірге олардың балалары да отбасылық қатынастарға түседі.

Отбасы заңнамасында балаға отбасылық-құқықтық қатынастардың қатысушысы ретінде бірқатар құқықтар көзделген және олардың қол сұғылмаушылығына кепілдік беріледі. Мұндай құқықтарға баланың отбасында өмір сүру және тәрбие алу, ата-анасын білу, олардың қамқорлығын алу, олармен бірге тұру құқығы жатады [2].

Елімізде бала құқықтары 5 кодекс, 10 заң, 12 нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген. Заң жүзінде бекітілгенімен, алайда, бала құқықтарының бұзылу фактілері жиі кездесіп жатады. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваның биылғы 2025 жылғы 23 мамырдағы Президент қабылдауында баяндаған мәліметтеріне сүйенсек, бала құқықтарын қорғауға қатысты заң нормаларын бұзған 171 дерек анықталған [3]. Бала тәрбиесі мен оның тағдырына немқұрайлы қарап, оларға қамқорлық жасаудың жауапкершілігін сезіне бермейтін ата-аналар да аз емес. Ұлттық Статистика бюросының ресми мәліметінше, сот шешімімен ата-ана құқығынан айырылғандар 2021 жылы – 1 481, ал 2022 жылы – 1341, ал 2023 жылы – 1279 санын құрайды [4].

Бала құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзектілікке ие. Бұл күрделі тақырыпты зерделеу елімізде бала құқықтары институтын одан әрі жетілдіруде маңызы бар тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік, диалектикалық, формальді-логикалық әдістер құрайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында құқықтық талдау, салыстырмалы-құқықтық әдіс, индукция мен дедукция, сипаттау және жалпылау сияқты жалпы және арнайы ғылыми әдістер қолданылды. Аталған әдістер зерттеу нысанының құқықтық табиғатын, дамуы мен қолданыс аясын жан-жақты зерделеуге, теориялық тұжырымдарды негіздеуге және практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Жүйелік әдіс ата-ана құқықтарынан айыру істерін зерттегенде, жүйелік әдіс барлық қатысушылар мен институттарды (ата-ана, бала, сот, прокурор) бір бүтін жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Диалектикалық әдіс балаға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін ата-ана құқықтарынан айыру істерін зерттеуде баланың құқықтары мен ата-ананың құқықтары арасындағы

қарама-қарсылықты талдауда, заң нормаларының теориялық және практикалық арасындағы қарым-қатынасын зерттеуде көрініс табады.

Формальді-логикалық әдістер құқықтық нормалар мен сот практикасының өзара байланысын нақты көрсетіп, бала құқықтарын қорғау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Оның ішінде анализдеу, синтездеу, әдістері ата-ана құқықтарынан айыру тәртібі, талап қою субъектілері және баланы қорғау шараларын талдауда, жеке деректерді біріктіріп, процессуалдық ерекшеліктерді жүйелі сипаттауда көрініс тапты. Ал, индукция арқылы жеке істерден жалпы заңдылықтар анықталса, дедукция арқылы жалпы заң нормалары нақты іс жағдайына қолданылды.

Балаға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін ата-ана құқықтарынан айыру істерін жүргізу процесін кезең-кезеңімен сипаттау, сот ісін қарау тәртібін, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, қорытынды шешім шығару процесін егжей-тегжейлі көрсету әдістерінеде сипаттау және жалпылау сияқты жалпы және арнайы ғылыми әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бала – әлеуметтік осал топтардың бірі. Баланың осалдығы яғни әлсіздігі, көп жағдайда, физикалық және психикалық жетілмегендіктен баланың жиі құқықтары бұзылатын объектіге айналуымен түсіндіріледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, мемлекет өскелең ұрпақтың болашағына тікелей мүдделі, сондықтан тікелей ата-аналарға өз балаларын тәрбиелеу, білім беру, оларды қорғау және күтіп-бағу, олардың өміріне қалыпты материалдық-тұрмыстық жағдайлар жасау жөніндегі құқықтар мен міндеттерді жүктейді. Бұл құқықтар тек ата-аналардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар, балалардың мүдделерін қамтамасыз ету үшін беріледі. Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру балалардың мүдделеріне қайшы келмеуі тиіс.

Баланың негізгі қажеттіліктерін ескермеу (моральдық қатыгездік) - бұл ата-анасы немесе туыстарының тарапынан балаға күтімінің болмауы, сондай-ақ баланы тәрбиелеу міндеттерін немқұрайлықпен қарау, оның салдарынан баланың денсаулығы мен дамуы бұзылады.

Балаларға психологиялық зорлық-зомбылық басқа қатыгездік түрлерімен салыстырғанда қатыгездіктің ерекше зиянды түрі болып табылады. Психологиялық зорлық-зомбылықтың көбеюі эпидемиологиялық деректерді қалыптастырды. Эмоциялық зорлық-зомбылық тұжырымдамасының теориялық талдаулары және негізгі халықаралық бағдарламалық құжаттар балаларды қатыгездіктің осы түрін дұрыс тұжырымдау және анықтау туралы жаңа консенсусты және қоғамдардың оның алдын алу және оған ден қою үшін денсаулық сақтау тәсілін жеделдету қажеттілігін көрсетеді. Халықаралық және ұлттық деңгейде балаларды қорғау жүйелерінің тәжірибесінде психологиялық (эмоционалдық) зорлық-зомбылыққа аса көңіл бөлінбейді [5].

Эмоциялық зорлық-зомбылық түріне мыналар жатады: физикалық күш қолданбай ауызша түрде төнетін қауіптер; баланың қадір-қасиетін қорлау; баланы қабылдамау және үнемі сын айту; баланың психикалық жарақатын тудырған бір реттік дөрекі психикалық әсер ету; баланы әдейі оқшаулау және т.б.

Балаға қатысты зорлық-зомбылықтың ең қауіпті түрі – бұл физикалық және жыныстық зорлық-зомбылық. Физикалық зорлық-зомбылық – бұл баланың денсаулығының медициналық тұрғыда бұзылуына, дамудың артта қалуына әкелетін жарақаттарды қасақана зақым келтіру. Балаларға физикалық зорлық-зомбылық пен қараусыз қалдыру - балаларды қорлаудың ең жиі кездесетін екі түрі болып табылады. Балаларға физикалық зорлық-зомбылық көрсету және оларды қараусыз қалдыру баланың бейімделгіш физикалық және психологиялық дамуына нұқсан келтіретін, сондай-ақ қоғамға үлкен шығындар әкелетін дүниежүзілік проблема болып табылады. Балалардың төрттен бір бөлігі физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды, ал 16%-дан астамы бүкіл әлемде физикалық немқұрайдылықты сезінеді, бұл мәселенің ауқымы келісілген назар аударуды қажет етеді. Физикалық зорлық-зомбылық пен физикалық немқұрайлылықты анықтау қиын болып қала берсе де, балаларды қатыгездіктен қорғау жеке, отбасы, қоғамдастық және қоғам деңгейінде алдын алу және араласу бойынша белсенді күш-жігерді қажет етеді деген басым консенсус. Тиісінше, бұл күш-жігер әдетте ата-ананың немесе баланың жеке ерекшеліктерін көрсететін тәуекел факторларын, сондай-ақ тұтастай отбасының және олар өмір сүретін жақын және мәдени орта мен қоғамдардың қасиеттерін көрсететін тәуекелдерді шешуге бағытталған [6].

Сексуалдық зорлық-зомбылық немесе азғындық – баланың жыныстық қанағаттану немесе пайда табу мақсатында оның келісімімен немесе оның келісімінсіз ересектермен жыныстық қатынасқа түсуі, яғни бала ересектерді жыныстық қанағаттандыру үшін пайдаланылады. Басқа адамға баламен жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат берген ата-ана немесе қамқоршы да жыныстық тұрғыдан қорлаушы субъект болып саналады. Инцест отбасы мүшесінің баланы сексуалдық пайдалануын білдіреді. Жыныстық зорлық-зомбылық ретінде айқындалатын іс-әрекеттер жыныстық, анальды қатынас, оральгенитальды жанасу, гениталдық эксгибиционизм, баланың эрогендік аймақтарын сипалау; баланы порнографиялық мақсатта жыныстық пайдалану немесе жезөкшелікке тарту; баланың қатысуымен жыныстық қатынас жасау [7].

Материалдық жағдайы мен табыс көзі төмен тұратын (аморальдық өмір салтын ұстанатын) отбасыларда балалар жиі зорлық-зомбылықтың түрлі нысанасына айналады. Мысалы, В.В. Романованың жұмысында бұрын зорлық-зомбылыққа ұшыраған адам кейіннен агрессивті болып, агрессивті мінез-құлыққа жиі ұшырайтындығы айтылады [8].

Бала ата-анасынан қандай да болсын зорлық-зомбылыққа ұшырауы оның моральдық, физикалық және эмоционалдық жағдайына әсер етеді.

2011 жылы ғалым Рэдфорд Ұлыбританиядағы балалардың шамамен жиырма пайызы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды деп болжайды, олардың үштен екісіне жуығы (62%) қылмыскерден тікелей зардап шегеді. Ал, 2023 жылы Англия мен Уэльсте сол жылы 827 000 бала тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырады деген болжам бар. Бұл таңқаларлық статистика біздің қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейінің нәтижесі болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың таралуын анықтауға оның негізінен үй ішінде болатын жасырын қылмыс болуы кедергі жасайды [9].

Отбасында баламен қатыгез қарым-қатынас құру, әсіресе физикалық және психикалық денсаулығына, оның дамуы мен әл-ауқатына зиян келтіру – ол отбасындағы адамдардың заңмен жауапкершілік көзделетін әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады.

Балаға зорлық-зомбылық көрсетумен байланысты істерді қараудың процессуалдық ерекшеліктеріне тоқталсақ.

1. Ата-ана құқығынан айыру туралы істі қозғау.

Баламен қатыгез қарым-қатынас құрумен байланысты істер соттарда көбінесе ата-ана құқығынан айыру, ата-ана құқықтарын шектеу, баланы тәрбиелеуге беру, бөлек тұратын ата-ананың баланы тәрбиелеуге қатысуы туралы талап арыздар қаралады. Ал, осы санаттағы істерді қарау ерекшеліктері «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – ҚР Неке кодексі) 75-83-баптарында көзделген, яғни :

1) ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;

2) өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;

3) өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса;

4) балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;

5) құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі, психотроптық заттарға салынса, олар ата-ана құқықтарынан айрылады [2].

2024 жылы Семей қаласында бір топ жасөспірім Алихан есімді баланы аяусыз соққыға жығып, қорлап, мүшеқапты үрлеуге мәжбүрлегені туралы әлеуметтік желіде видео тарап, бұл іс артынша қоғамдық резонанс тудырған. Қоғамда резонанс тудырған бұл іс бойынша 2025 жылдың сәуір-мамыр айларында Абай облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Семей қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның талап арыздары үш азаматтық іспен тіркеліп, қаралған болатын.

Кәмелетке толмаған баланы соққыға жыққан алты ата-ананың үшеуі комиссия шешіміне шағым түсірген, қалғандарына қатысты сот келесі шешімдерді қабылдайды, яғни бірінші іс бойынша бір қыз баланың анасы толық ата-ана құқығынан айырылды, екінші іс бойынша анасына қатысты талап ішінара қанағаттандырылды, яғни әкесінің ата-ана құқығы шектелді – ол баланы ұзақ уақыт тәрбиелеуге қатыспаған және алкогольге тәуелді болған.

Сот шешімдерінде мынадай мән-жайлар негізге алынады:

- спирттік ішімдікке әуестік;
- бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылу;
- наркологиялық және полиция есебінде тұру;
- баланы тәрбиелеуге қатыспау.

Ал, үшінші талап бойынша сот тараптар – баланың ата-анасы мен талапкер өкілінің экстерриториялық соттылық туралы өтінішін қанағаттандырып, істі басқа облысқа жіберу туралы шешім шығарады.

Бұл жерде соттың ұстанымы – баланың мүддесі басты орында.

Соттың қабылдаған шешімдері кәмелетке толмағандардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен бірге тәрбиелену мен дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Бұл тәжірибе ата-аналық жауапкершіліктен жалтаруға жол бермейтін нақты құқықтық ұстанымды көрсетеді [10].

Азаматтық процестік заңнамаға сәйкес талап қою ісін жүргізуде міндетті түрде талап қою құқығының келесідей алғышарттары сақталады:

А) Талап арызбен жүгінген тұлғаның азаматтық процестік құқық қабілеттілігі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 44-бабына сәйкес азаматтық процестік құқық қабілеттілігі барлық азаматтар және материалдық құқық субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар үшін бірдей шамада танылады [11].

Ата-анасының (екеуінің біреуінің) балаларды тәрбиелеуге қатысуы туралы сотқа талап қою баланың қай ата-анамен тұратынына қарамастан олардың заңды некеде тұрған кезеңінде де, ажырасқаннан кейін де мүмкін болады. Дау балалардың ата-анасының екеуінің біреуімен қозғалатындықтан, олардың іс жүргізу әрекет қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бар деп саналады.

Ал, ата-ана құқығынан айыру туралы істер бойынша міндетті түрде мекемелер мен ұйымдардың азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі тексеруге жатады. Неке-отбасы қатынастарынан туындайтын жағдайларда заңды тұлға болып табылмайтын және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға жауапты органдардың және т.б. талап қоюына жол беріледі.

Прокурордың азаматтық процестік құқық қабілеттілігі тексеруге жатпайды, себебі ҚР АПК 54-бабына сәйкес мемлекет мүдделерін қозғайтын істер бойынша, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілгенде, сондай-ақ прокурордың қатысу қажеттігін сот танығанда прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті болып табылады [7].

ҚР Неке кодексінің 76-бабына сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер:

- ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер ата-аналардың біреуінің немесе баланың басқа да заңды өкілдерінің;
- кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген органдардың немесе ұйымдардың өтініштері;
- прокурордың талабы бойынша қаралады [2].

Егер ата-ананың бірі өз құқығын асыра пайдаланса, екіншісінің баламен қарым-қатынасына кедергі келтірсе, ата-аналардың, оның ішінде бөлек тұратындардың балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатысуы туралы іс олардың біреуінің немесе 14 жасқа толған баланың бастамасы бойынша қозғалуы мүмкін. Балаларға қатысты дауларды қарау кезінде соттар кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін, тараптардың моральдық қасиеттерін негізге алуы тиіс.

Судья баланың 18 жасқа толмауына байланысты талап арызды қабылдаудан бас тарта алмайды.

Ә) Азаматтық істердің соттарға ведомстволығы.

Ата-ана құқығынан айыру туралы істердің ведомстволығы азаматтық істерді, оның ішінде отбасылық-құқықтық қатынастардан туындайтын бұзылған немесе дауды соттар оларды қорғау туралы істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды және шешеді.

Б) Ұқсас (тождественный) талап бойынша немесе іс жүргізуді тоқтату туралы соттың ұйғарымдарының, сондай-ақ, заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы.

Жоғарыда келтірілген (А, Ә, Б) талаптарының сақталмауы ҚР АПК 279-бабының бойынша талап қоюды қараусыз қалдыруға негіз болады.

Ата-ана құқығынан айыру туралы істерді қозғау үшін талап қою құқығының алғы-шарттарымен қатар заңда көзделген процессуалдық шарттарды да сақтау қажет.

Талап қоюдың нысаны мен мазмұны ҚР АПК 148-149 талаптарына сәйкес рәсімделуі тиіс.

Талап арызда:

- талап қою берілетін соттың атауы;
- талап қоюшы туралы мәліметтер;
- жауапкердің тұрғылықты жері;
- ата-ана құқығынан айыру туралы талап қою құқығын айқындайтын негіздердің болуы;
- талап қоюшының өз талаптарын негіздейтін мән-жайлар, мысалы, ата-аналардың ҚР Неке кодексінің 69-70-баптарында көзделген балаларды тәрбиелеу және күтіп-бағу жөніндегі талаптарды орындамауы және т.б. дәлелдер нақты көрсетілуі тиіс.

Талап қоюға белгіленген тәртіппен куәландырылған АХАТ органдарынан анықтамалардың (неке, некені бұзу, балалардың тууы туралы) көшірмелері; жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың саны бойынша талап қоюдың және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері; дауды сотқа дейін реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттар, қорғаншылық және қамқоршылық органдары жасаған даудың мәні туралы қорытындысы; ата-ана құқығынан айыру негіздерін растайтын дәлелдемелер; талаптың нақты және заңды негіздемесі қоса беріледі.

Егер іс прокурордың талабымен қаралатын болса, онда талап арызда іс бойынша мемлекеттің мүддесі неде, кімнің және қандай құқығы бұзылғандығы, ол қандай нормативтік актіге сәйкес әрекет ететіндігі, неге басқа жеке немесе заңды тұлғаның талап қоюы мүмкін емес екені көрсетілуі тиіс.

Ата-ана құқығынан айыру жағдайларында жауапкерлердің санына сәйкес талап арыздардың көшірмелерін беру міндетті болып табылады.

Сотқа жүгіну құқығын жүзеге асырудың процессуалдық шарты да юрисдикция нормасын сақтау болып табылады. Арыз жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы талаппен бір уақытта алимент өндіріп алу туралы және бірге тұру мүмкін болмағандықтан жауапкерлерді тұрып жатқан тұрғын жайдан шығару туралы талаптар қойылуы мүмкін. Ал, егер ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап мемлекет атынан қойылса, алимент туралы мәселе міндетті түрде шешіледі. Мұндай талапты бұрын ерлі-зайыпты болғандардың екеуінің біреуінде біріншіден, талап қоюшы ретінде қолында алимент өндіріп алу туралы атқару парағы бар болған жағдайда алимент өндіруге жатады.

Судья барлық талаптарды бір іс жүргізуге біріктіріп, істі мәні бойынша қарайды. Талап қоюшы сотқа жаңа мәлімделген талаптар бойынша материалдар мен дәлелдемелерді қосымша ұсынады.

Ата-ана құқықтарынан айыру жағдайларында ата-ана құқықтарынан айыру үшін негіздердің бар екендігін растау үшін дәлелдемелер пайдаланылады.

Неке кодексінің 75-бабының 1-тармағының 5-тармақшасында «құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі, психотроптық заттарға салынса, ата-аналар өз ата-аналық құқықтарынан айрылады» делінген [2]. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысында (бұдан әрі - Қаулы) осы тармақ бойынша түсініктеме берілмеген [12], осыған байланысты осы мәселені түсіндіру қажет деп санаймыз.

Әдетте, талап қоюшылар сотқа ата-ана құқығынан айыру туралы талап қою жағдайында жауапкердің бірге тұру кезеңінде сотқа басқа нақты дәлелдемелер келтірмей, алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдаланғандығы туралы дәлелдемелерден заңнамаға сілтеме жасайды.

Бұл ретте, ҚР АПК 72-бабында тараптарды талапты растайтын дәлелдемелерді ұсынуға міндеттейді.

Сот (процесске қатысушылардың өтініші бойынша да, өз бастамасы бойынша да) алкогольдік ішімдіктерді ішкені немесе мас күйінде қоғамдық орында жүргендері үшін, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер, алкогольдік (есірткі) мас күйіндегі адамның ұрып-соғуы және басқа да құқық бұзушылықтар жасағаны үшін кінәліні әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулыларды талап етеді және бұл материалдар алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдаланудың дәлелдемелеріне жатқызылады. Сондай-ақ жауапкердің тұрғылықты жері мен жұмыс орнының сипаттамасын, адамның психиатриялық немесе нашақорлық диспансерде есепте тұрғаны туралы мәліметтерді, егер бар болса, қашаннан бастап және қандай диагнозбен тіркелгені туралы мәліметтерді сұрауы қажет.

Бұл ретте істі жан-жақты қарау үшін нарколог-дәрігерден сот отырысында куә немесе маман ретінде жауап алуға болады.

Созылмалы алкоголизм немесе ата-анасының нашақорлық және токсикомания ауруы тиісті медициналық қорытындымен расталуы қажет. Осы мақсатта сот адамның алкоголизммен (нашақорлықпен) зардап шегетіндігін және мәжбүрлеп емдеуді қажет ететінін, емдеуге қарсы көрсетілімдердің бар-жоғын анықтау үшін сот-наркологиялық сараптамасын тағайындауға құқылы.

Бұл ретте адамның созылмалы маскүнемдікпен (нашақорлықпен) зардап шегетінін растайтын сарапшының қорытындысы болғанымен де, бұл талапты қанағаттандыруға негіз бола алмайтынын есте сақтау қажет, өйткені ата-ана құқығынан айыру - бұл баланың құқықтарын өзге жолмен қорғау мүмкін болмаған жағдайларда қолданылатын отбасылық-құқықтық жауапкершіліктің соңғы шекті шарасы болып табылады.

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот істерінің бірін мысал ретінде қарастырайық. Талап қоюшы А.ның талап арызы бойынша жауапкер Ж.-ны ата-ана құқығынан айыру туралы сотта іс қаралды. Талап қоюшы А. талап арызын қанағаттандыру үшін жауапкер Ж.-ның алкогольдік ішімдіктерді асыра пайдалану фактісін келтірген, алайда, нақты дәлелдемелер ұсынылмаған. Талап қоюшының өтініші бойынша сот наркологиялық сараптама тағайындап, жауапкердің созылмалы алкоголизммен ауыратынын және мәжбүрлеп емдеуді қажет ететінін растады. Алайда, осы жағдайларға қарамастан, сот талап арызды қанағаттандырдан бас тартты.

Оған себеп, сот шешім шығару барысында жауапкердің жұмысқа орналасып, баланы асырап-бағуға ай сайын 50 000 теңге алимент төлейтіндігін анықтап, осы негізге сүйенген.

Жауапкердің неке бұзылғаннан кейін бірден алкогольдік ішімдіктерді тұтынудан кодтау шараларын өз еркімен қабылдағаны туралы уәждері анықтама-жадынамамен расталып, оның нашақорлық және психиатриялық есепте тұрмағаны анықталды. Сондай-ақ, неке бұзылғаннан кейін бөлек тұру жағдайында жауапкер талап қоюшыны және өзінің баласын мазаламай, олардың психикасы, өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайлар туғызбағаны анықталды.

Сот отырысында жауап берген сарапшы ремиссияның 4 ай екенін растады. 1 жыл немесе одан да көп ремиссия жағдайында жауапкерге мәжбүрлеп емдеу қажет болмайды.

Сот «Бала құқықтары туралы» халықаралық конвенцияның баланың көзқарастарына баланың жасына және жетілуіне сәйкес 12-14-баптарының ережелерін ескере отырып, іске қатысу үшін маман психологты шақырып, психологтың айғақтарынан баланың қамқорлық пен сүйіспеншілік жағдайында өсетіні, оған жақсы күтім жасалғанын анықтады және баланың пікіріне ерекше назар аударды.

Қаулының 13-тармағына сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру ең соңғы шара болып табылады, сондықтан ата-анасының кінәлі мінез-құлқы дәлелденген ерекше жағдайларда, сот оның мінез-құлқының сипатын, жеке басын және басқа да нақты мән-жайларды ескере отырып, ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуға құқылы [12].

2. Істі сот талқылауына дайындау. Ата-ана құқығынан айыру туралы істі дайындаудың мақсаты – оны қараудың белгіленген мерзімдерін сақтай отырып, заңды және дәлелді шешім шығаруды бір сот отырысында шешуді қамтамасыз ету болып табылады.

Ата-ана құқығынан айыру туралы істер бойынша азаматтық сот ісін жүргізудің осы сатысының тікелей міндеті материалдық құқықтың тиісті нормасының гипотезасын, істің нақты мән-жайларын, мәлімделген талаптарды ескере отырып, істі мәні бойынша шешу үшін қажетті дәлелдемелердің шеңберін анықтау болып табылады. Ата-ана құқығынан айыру туралы істер бойынша дәлелдеу нысанасына енгізілген фактілер жазбаша дәлелдемелермен де, куәлардың айғақтарымен де белгіленеді.

Істі сот талқылауына дайындау сатысында судья тараптардың құқықтық қатынастарын алдын ала саралайды, десе де түпкілікті құқықтық саралау сот талқылауы сатысында ғана мүмкін болады. Судья тараптардың қатынастарына алдын ала құқықтық баға беру кезінде өзі орындауға міндетті іс жүргізу әрекеттерінің тізбесін анықтайды, олар:

1. Егер ұсынылған материалдардан жауапкерлердің алкогольді немесе есірткіні теріс пайдалану фактілеріне қатысты дауласатындығы байқалса, оны жүргізу үшін сот-наркологиялық сараптаманы, сарапшыларды тағайындайды;

2. Талап қоюды қамтамасыз ету мәселелерін шешеді, мәселен, баланың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, баланы ата-анасынан немесе балаларды тәрбиелеп отырған адамдардан дереу айырып алу туралы ұйғарым шығарады

3. Іске қатысатын адамдардың ықтимал құрамын анықтайды. Олардың шеңбері нақты мән-жайларға, дәлелдеу базасына, мәлімделген талап қою талаптарының сипатына қарай әртүрлі болуы мүмкін.

4. Азаматтық процестің жарыспалылық қағидатына сүйене отырып, тараптар арасында дәлелдеу ауыртпалығын бөледі; тараптардың өтініші бойынша азаматтардан немесе ұйымдардан жазбаша немесе заттай дәлелдемелерді талап етеді.

5. Жауапкерге талап арыздың және оған қоса берілген дәлелдемелердің көшірмелерін жібереді немесе табыстайды, іске қатысушы тұлғаларға істің болатын уақыты мен орны туралы хабарлайды, оны сот отырысында талқылау туралы ұйғарым шығарады.

ҚР АПК-да іс бойынша іс жүргізуді тоқтату және істі сот талқылауына дайындау сатысында арызды қараусыз қалдыру мүмкіндігі көзделген.

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер бойынша іс жүргізудің осы сатыда аяқталуына бірқатар шарттар болған кезде жол беріледі:

1) егер бұл құқықтары заңмен қорғалатын балалардың мүдделеріне қайшы келмесе;

2) ерекше себептер болған кезде – даулы құқықтық қатынастар құқықтық мирасқорлыққа жол бермейтін, іс бойынша тарап болып табылатын азаматтың қайтыс болуы.

3. Сот талқылауы.

ҚР АПК 190-бабына сәйкес Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істерді сот азаматтық іс жүргізудің жалпы ережелері бойынша екі айға дейінгі мерзімде қарайды [11].

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істерде жауапкердің сот отырысына келмеуі, шақыру қағазын алудан жалтаруы немесе тұрғылықты жерін жасыру әрекеттері, тараптардың ұстанымдары айқындалмаған және қарау мерзімдері рұқсат етілген жағдайларда бұлардың барлығы сот процесін кейінге қалдырылып жатады. Соттар көп жағдайда жауапкердің сотқа қатысуына, оның түсініктемелерінің дәлелдеу маңыздылығына үлкен мән береді.

Сот тәжірибесінде сот жауапкерлердің сот отырысына келуін қамтамасыз ету әрекеттері нәтижесіз болған жағдайда, жауапкерлер процесті әдейі кешіктіргенде немесе олардың келмеу себептерімен сотқа құрметтемеушілік білдірмегені үшін жауаптылық шараларын қолданады.

Дауды дұрыс шешу, ұсынылған материалдарды объективті бағалау үшін жазбаша дәлелдемелерді зерделеудің маңызы зор, оның ішінде балалардың тұрмыс жағдайын тексеру актілерін және ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру мүмкіндігі немесе қажеттілігі туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қорытындысын атап өту қажет.

Ұсынылған материалдар мен дәлелдемелерді бағалау кезінде соттар, жоғарыда көрсетілгендей, балалардың пікірлері мен ата-аналардың құқықтарының сақталуын ескере отырып, олардың мүдделеріне сүйенуге тиіс.

Бала құқықтарына қатысты сот тәжірибесінде «сот отырысында он жасқа толмаған баладан әрқашан куәгер ретінде жауап алу керек пе немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қорытындысында көрсетілген талаптың мәні бойынша баланың пікірін жариялау жеткілікті ме?» деген сұрақ дау тудырады. Соттарда бұл сұраққа нақты жауап беретіндей біржақсы көзқарас жоқ. Сот нақты жағдайда кәмелетке толмағандарды куә ретінде шақыру қажеттілігі бар-жоғын өзі шешеді.

Сот келесі жағдайларға назар аударуы тиіс :

1. Дәлелдеу материалы жеткіліксіз болған жағдайда бала сот отырысына шақырылады, ал баланың пікірі сотқа дұрыс, объективті және заңды шешім қабылдауға көмектеседі.

2. Талап арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарылған кезде сот баланы қорғаншы және қамқоршы органдар арқылы басқа ата-анаға, қорғаншыға (қамқоршыға), балалар мекемелеріне тәрбиелеуге бере алады. Баланың пікірін ескеру оның заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін барынша қорғауға мүмкіндік береді.

Ата-ана құқығын шектеу туралы сот шешімі сол ата-аналарға қатысты ата-ана құқығынан айыру туралы істі қарайтын судья үшін маңызды. Мұндай жағдайларда тараптар, іске қатысатын басқа адамдар ұсынатын нақты және дәлелді материалдың көлемі айтарлықтай азаяды, себебі тараптардың құқықтық қатынастары, ата-ана құқықтарынан айыру негіздері заңды күшіне енген сот шешімімен ішінара расталады.

Ата-ана құқығынан айыру туралы шешімнің мазмұны ҚР АПК 226-бабында көзделген талаптарға сәйкес келуі қажет. Сот талап қоюды қанағаттандыруға, талапты толық немесе ішінара қанағаттандырудан бас тартуға, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу, оқыту және асырау жөніндегі ата-аналық міндеттерін орындамауға жол берілмейтіндігі туралы ескертуге құқылы.

Қорытынды

Жұмысты қорытындылай келе, елімізде бала құқықтарының өрескел бұзылу жағдайлары, әсіресе, баланың өз отбасында ата-анасы тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырап, қатыгездік құрбанына айналуы қоғам дертіне айналада. Жалпы юрисдикциядағы соттар қарайтын істердің кең тараған санаттарының бірі – ата-ана құқығынан айыру істері болып табылады. Өкінішке орай, балаға қатыгездік, зорлық-зомбылық көрсетумен байланысты ата-ана құқығынан айырылып жатқандардың саны жылдан жылға артып келеді.

Мемлекет адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі ретінде болашақ ұрпақтың дамуы мен гүлденуі туралы алаңдаушылық білдіруі тиіс екенін атап өткен жөн. Ата Заңымызда көзделгендей, «ана, бала және отбасы мемлекеттің қорғауында» болады. Ал, «балаға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – бұл ата-аналардың тең құқығы және міндеті болып табылады.

Бұл ретте олардың баланың физикалық, психикалық денсаулығына және олардың адамгершілік дамуына зиян келтіруге құқығы жоқ.

Бақытта отбасында ғана бала жеке тұлға болып қалыптасады. Отбасынан тыс баланың қалыпты психикалық және эмоционалдық дамуы мүмкін де емес.

Қорытындылай келе, қазіргі құқық қолдану тәжірибесінде «қатыгездік көрсету» ұғымының мазмұны жеткілікті деңгейде нақты айқындалмағаны, сондай-ақ психологиялық (эмоциялық) зорлықты анықтау мен алдын алу тетіктерінің жүйелілігі әлсіз екені байқалады. Бұл жағдай аталған санаттағы істер бойынша заңды біркелкі қолдануға және сот тәжірибесін біріздендіруге кедергі келтіреді.

Осыған байланысты жүргізілген зерттеу нәтижесінде «қатыгездік көрсету» ұғымын заңнамалық тұрғыдан нақтылау қажеттілігі және психологиялық (эмоциялық) зорлықтың құқықтық регламентациясын жетілдіру жөнінде бірқатар тұжырымдар қалыптастырылды. Алайда аталған тұжырымдардың практикалық маңызын арттыру үшін оларды нақты нормалық ұсыныстар түрінде жүйелеу орынды деп есептеледі.

Атап айтқанда, біріншіден, заңнама деңгейінде «қатыгездік көрсету» ұғымының мазмұнын айқындайтын құқықтық белгілерді нақтылау қажет. Бұл белгілерге әрекеттің жүйелілігі, жәбірленушіге келтірілген зиянның сипаты мен деңгейі, сондай-ақ құқық бұзушының субъективтік ниеті сияқты өлшемдер енгізілуі тиіс. Сонымен қатар психологиялық (эмоциялық) зорлықты дербес құқық бұзушылық ретінде тану немесе оның заңнамалық анықтамасын кеңейту мәселесін қарастыру өзекті болып табылады.

Екіншіден, психологиялық зорлықты дәлелдеудің тиімді тетіктерін қалыптастыру мақсатында психологтың немесе психиатрдың қорытындысын, куәгерлердің айғақтарын, жәбірленушінің мінез-құлқындағы өзгерістерді және басқа да жанама дәлелдемелерді құқықтық тұрғыдан тану және бекіту қажеттілігі туындайды. Мұндай тәсіл психологиялық зорлықтың жасырын сипатын ескере отырып, оны анықтаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, сот тәжірибесін біріздендіру мақсатында «қатыгездік көрсету» және психологиялық зорлық істері бойынша соттарға арналған нормативтік түсіндірмелер мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу қажет. Бұл ретте дәлелдемелерді бағалау барысында психологиялық сараптама қорытындыларына басымдық беру, сондай-ақ осы санаттағы

істер бойынша сот актілерін жүйелі түрде талдау арқылы бірыңғай құқықтық ұстаным қалыптастыру маңызды.

Осы ұсыныстарды іске асыру «қатыгездік көрсету» және психологиялық (эмоциялық) зорлық мәселелерін құқықтық реттеудің тиімділігін арттырып қана қоймай, жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сапалы деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 75-бабында ата-ана құқығынан айыруға негіз болатын жағдайларға эмоциялық зорлық кіреді. «Балаларды қорғау туралы» Заң: әлеуметтік қызметтер балаларға қатысты кез келген психологиялық қысымды анықтап, алдын алу шараларын жүргізуге міндетті.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Ғылыми мақала BR 21882414 «Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульді орталықтар желісін тәжірибелік енгізу» жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті қаржыландырған 2023-2025жж. арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалған.

Авторлардың қосқан үлесі

Бұл мақаланы үш автор жазған:

Маликова Ш.Б. – ғылыми мақаланы жазудағы идеяларды қалыптастыру және зерттеу тұжырымдамасын құрды, жобалау, деректерді жинау мен талдауда және нәтижелерді түсіндіруде шешуші рөл атқарды. Деректердің дәлдігі мен мақаланың толықтығына қатысты мәселелерді шешті, қолжазба жазды, сыни бөлімдерді бағалады және аяқтады және тиісті әдебиеттерді зерттеді.

Ахатов У.А. – негізгі тұжырымдарды дайындауда маңызды рөл атқарды, зерттеу процесін бақылап, қолжазбаны пысықтауға қатысты. Ол сонымен қатар соңғы нұсқаның сапасы мен дәлдігін жақсартуға үлес қосты.

Избасова А.Б. – зерттеудің тұжырымдамасы мен әдіснамасын әзірлеуге жетекшілік етті. Қолжазбаны қарап, зерттеу материалдарын аударуға көмектесті. Мақала жүктеу жұмыстарын жүргізді

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (accessed: 11.08.2025).

2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (accessed: 11.08.2025).

3. 2025 жылы елде балалар құқығы 171 рет бұзылған – омбудсмен. – 23.05.2025 жыл // URL: <https://sputnik.kz/20250523/2025-zhyly-elde-balalar-quqygy-171-ret-buzylgan--ombudsmen-53825165.html> (accessed: 13.08.2025).

4. Ата-ана құқығынан айыру. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы // URL: <https://bala.stat.gov.kz/kz/lishenie-roditelskih-prav/> (accessed: 15.08.2025).
5. Ben Mathews, Shanta Dube. Childhood emotional abuse is becoming a public health priority: Evidentiary support for a paradigm change. Child Protection and Practice. Volume 4, April 2025, 100093. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2950193824000937>. (accessed: 15.08.2025).
6. Christina M Rodriguez, Samantha Gonzalez. Child Physical Abuse and Neglect. https://www.researchgate.net/publication/341605863_Child_Physical_Abuse_and_Neglect. (accessed: 15.08.2025).
7. Arthur H. Green M.D.. Child Sexual Abuse: Immediate and Long-Term Effects and Intervention. Journal of the American Academy of Child & Adolescent Psychiatry Volume 32, Issue 5, September 1993, Pages 890-902. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0890856709652990>. (accessed: 17.08.2025).
8. Романова В.В. Юридическая психология : краткий курс лекций : 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2014. – 166 с.
9. Cleaver, H. Domestic abuse and the impact on young children: A UK perspective. Children and Youth Services Review Volume 172, May 2025, 108236.
10. Семейде оқушыны соққыға жыққан балалардың әке-шешесі ата-ана құқығынан айырылды. <https://azattyq-ruhy.kz/news/91240-semeide-okushyny-sokk-yga-zhykk-an-balalardyn-ke-sheshesi-ata-ana-ku-kygynan-aiyryldy>.
11. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z44> (accessed: 16.08.2025).
12. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000015S> (accessed: 17.08.2025).

Маликова Ш.Б.¹, Ахатов У.А.², Избасова А.Б.²

¹Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

²Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(sholpan.malikova@narхоз.kz, ualikhan.akhatov@kaznu.edu.kz, a_izbasova@mail.ru)

Процессуальные особенности рассмотрения дел, связанных с лишением родительских прав за насилие в отношении детей

Аннотация: Тема домашнего насилия в семье – одна из самых важных и сложных проблем современности. В нашей стране в последнее время увеличивается число детей в семьях, находящихся в сложной жизненной ситуации. Самое страшное, что насилие и жестокость родителей по отношению к собственным детям, провоцирование агрессии, сексуальное, эмоциональное и физиологическое насилие становятся серьезной проблемой.

Любая форма насилия в отношении ребёнка со стороны родителя напрямую влияет на его моральное, физическое и эмоциональное состояние. Закон предусматривает ряд мер ответственности за насилие в отношении ребёнка в семье.

Лишение родительских прав является крайней мерой семейно-правовой ответственности, применяемой в случаях, когда иными способами защитить права ребенка невозможно.

В статье анализируются процессуальные особенности рассмотрения дел о лишении родительских прав за жестокое обращение с детьми. В соответствии с гражданским процессуальным законодательством рассматриваются предпосылки возникновения права на подачу иска, в частности, гражданская процессуальная дееспособность физических и юридических лиц, подающих иск, и подсудность гражданских дел судам.

Также анализируется порядок подачи искового заявления и прилагаемых к нему документов при обращении в суд по делам о лишении родительских прав, значение предоставления доказательств, служащих основанием для лишения родительских прав (подтверждающих наличие у лица хронического алкоголизма (наркомании)). При оценке представленных материалов и доказательств суды должны исходить из интересов ребенка, учитывать мнение ребенка и соблюдение прав родителей.

Научная статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования по научным и (или) научно-техническим программам на 2023-2025 годы, направленная на реализацию проекта ИРН BR 21882414 «Программа поддержки и реабилитации детей-жертв насилия: практическое внедрение сети ресурсных модульных центров», финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: семья, родители, права и обязанности родителей, ребенок, права ребенка, жестокое обращение с ребенком, насилие, лишение родительских прав, иск, форма искового заявления, возбуждение дела, доказательства.

Sh. Malikova¹, U. Akhatov², A. Izbassova²

¹*Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

²*al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

(sholpan.malikova@narxoz.kz, ualikhan.akhatov@kaznu.edu.kz, a_izbasova@mail.ru)

Procedural features of the consideration of cases related to the deprivation of parental rights for the cruel treatment of a child

Abstract: The topic of domestic violence in the family is one of the most important and complex problems of our time. In our country, the number of children in families in difficult life situations has recently increased. The worst thing is that violence and cruelty of parents towards their own children, provoking aggression, sexual, emotional and physiological violence, are becoming a serious problem.

Any form of violence against a child by a parent directly affects their moral, physical and emotional state. The law provides for a number of measures of responsibility for violence against a child in the family.

Deprivation of parental rights is an extreme measure of family and legal responsibility, applied in cases where it is impossible to protect the rights of the child by other means.

The article analyzes the procedural features of the consideration of cases on deprivation of parental rights for the cruel treatment of children. In accordance with civil procedural legislation, the prerequisites for the emergence of the right to file a claim are considered, in particular, the civil procedural capacity of individuals and legal entities filing a claim, and the jurisdiction of civil cases by the courts.

The procedure for filing a statement of claim and the documents attached to it when applying to the court in cases of deprivation of parental rights, the importance of providing evidence that serves as the

basis for deprivation of parental rights (confirming the presence of chronic alcoholism (drug addiction) in a person), are also analyzed. When assessing the materials and evidence presented, the courts must proceed from the interests of the child, take into account the child's opinion and observance of the rights of the parents.

The scientific article was prepared within the framework of program-targeted funding for scientific and (or) scientific and technical programs for 2023-2025, aimed at implementing the project IRN BR 21882414 «Program for the support and rehabilitation of child victims of violence: practical implementation of a network of modular resource centers», financed by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: family, parents, rights and responsibilities of parents, child, child rights, child abuse, violence, deprivation of parental rights, claim, form of claim, initiation of case, evidence.

References

1. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstıtýsıasy. "Ádilet" Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júesi // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (accessed: 11.08.2025).
2. "Neke (erli-zaiptylyq) jáne otbasy týraly" Qazaqstan Respýblikasynyń 2011 jylǵy 26 jeltoqsandaǵy № 518-IV Kodeksi. "Ádilet" Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júesi // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (accessed: 11.08.2025).
3. 2025 jyly elde balalar quqyǵy 171 ret buzylǵan – ombýdsmen. – 23.05.2025 jyl // URL: <https://sputnik.kz/20250523/2025-zhyly-elde-balalar-quqygy-171-ret-buzylgan--ombudsmen-53825165.html> (accessed: 13.08.2025).
4. Ata-ana quqyǵynan aıyrý. Qazaqstan Respýblikasy Strategıalyq josparlaý jáne reformalar agenttigi Ulttyq statısıka búrosy // URL: <https://bala.stat.gov.kz/kz/lishenie-roditelskih-prav/> (júginý kúni: 15.08.2025).
5. Ben Mathews, Shanta Dube. Childhood emotional abuse is becoming a public health priority: Evidentiary support for a paradigm change. Child Protection and Practice. Volume 4, April 2025, 100093. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2950193824000937>. (accessed: 15.08.2025).
6. Christina M Rodriguez, Samantha Gonzalez. Child Physical Abuse and Neglect. https://www.researchgate.net/publication/341605863_Child_Physical_Abuse_and_Neglect. (Application date: 15.08.2025).
7. Arthur H. Green, M.D. Child Sexual Abuse: Immediate and Long-Term Effects and Intervention. Journal of the American Academy of Child & Adolescent Psychiatry Volume 32, Issue 5, September 1993, Pages 890-902. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0890856709652990>. (accessed: 17.08.2025).
8. Romanova, V.V. Juridicheskaja psihologija: kratkij kurs lekcij : 2-e izd., pererab. i dop. – M.: Jurajt, 2014. – 166 s.
9. Cleaver, H. Domestic abuse and the impact on young children: A UK perspective. Children and Youth Services Review Volume 172, May 2025, 108236.
10. Semeide oquşyny soqqyǵa jyqqan balalardyń áke-şesesi ata-ana qūqyǵynan aıyryldy. <https://azattyq-ruhy.kz/news/91240-semeide-okushyny-sokk-yga-zhykk-an-balalardyn-ke-sheshesi-ata-ana-ku-kygynan-aiyryldy>.
11. "Qazaqstan Respýblikasynyń Azamattyq prosestik kodeksi" Qazaqstan Respýblikasynyń Kodeksi 2015 jylǵy 31 qazandaǵy № 377-V QRZ. "Ádilet" Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júesi // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z44> (accessed: 16.08.2025).

12. "Sottardyń balalary tǎrbieleýge bailyńysty daýlardy sheshý kezinde zańnamany qoldanýy týraly" Qazaqstan Respýblikasy Joǵarǵy Sotynyń 2018 jylǵy 29 qarashadaǵy № 15 normativtik qaylysy. "Ádilet" Qazaqstan Respýblikasy normativtik quqyqtyq aktileriniń aqparattyq-quqyqtyq júesi // URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000015S (accessed: 17.08.2025).

Авторлар туралы мәлімет:

Маликова Ш.Б. – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Нархоз Университеті», Жандосов көшесі 55, 050035, Алматы, Қазақстан

Ахатов У.А. – заң ғылымдарының кандидаты, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан

Избасова А.Б. – хат-хабар авторы, философия докторы PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан

Маликова Ш.Б. – кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз, ул. Жандосова 55, 050035, Алматы, Казахстан

Ахатов У.А. – кандидат юридических наук, профессор кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби 71, 050040, Алматы, Казахстан

Избасова А.Б. – автор для корреспонденции, доктор философии PhD, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби 71, 050040, Алматы, Казахстан

Malikova Sh. – Candidate of Law, Associate Professor, Narxoz University, Zhandosova St. 55, 050035, Almaty, Kazakhstan

Akhatov U. – Candidate of Law, Professor, Department of Theory and History of State and Law, Constitutional and Administrative Law, al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi 71, 050040, Almaty, Kazakhstan

Izbassova A. – corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi 71, 050040, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).